

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті



«Бекітемін»

Ғылыми кеңес отырысы  
хаттама №9 от «30» 04 2025 ж.  
Ректор *Б.Т.Шакешев*  
«30» 04 2025 ж.

Білім беру бағдарламасы

*Дайындау бағыты:* 6В12301 – Құқық қорғау қызметі

*Берілетін дәреже:* 6В12301 – құқық қорғау қызметі білім беру бағдарламасы бойынша Ұлттық қауіпсіздік және әскери істер бакалавры

*ББ атауы мен шифры:* 6В12301 – Құқық қорғау қызметі

*Түскен жылы:* 2025

Кафедра отырысында қаралды

Хаттама № 9 «22» 04 2025 ж

Кафедра меңгерушісі Ерназаров Ж.Т.

(аты-жөні, қолы)

Институт кеңесінің отырысында талқыланды

Хаттама № 9 «22» 04 2025 ж

Білім және менеджмент институтының директоры Тасмағамбетов А.С.

(аты-жөні, қолы)

ОӘК отырысында мақұлданды

Хаттама № 9 «24» 04 2025 ж

БжОӘЖ жөніндегі проректор Машанова С.А.

(аты-жөні, қолы)

Келісілді:

БҚО адвокаттар алқасының төрағасы

(лауазымы, Ұйымның атауы)

Е.Н.Калиев

(ТАӘ)

М. Өтемісов атындағы БҚУ Құқықтық пәндер кафедрасының меңгерушісі

(лауазымы, Ұйымның атауы)

Л. С. Серікова

(ТАӘ)

Жедел-криминалистикалық бөлімінің аға криминалисті

БҚО полиция басқармасы

(лауазымы, Ұйымның атауы)

А. М. Малаев


(ТАӘ)

БҚО Әділет департаментінің Әкімшілік бөлімінің басшысы

(лауазымы, Ұйымның атауы)

С. Н. Ибрагимова

(ТАӘ)



**6В12301 Құқық қорғау қызметі білім беру бағдарламасының  
мазмұны**

<b>1.</b>	<b>Білім беру бағдарламасының паспорты</b>	<b>4</b>
<b>2.</b>	<b>Пәннің сипаттамасы</b>	<b>6</b>
<b>3.</b>	<b>Модульдер сипаттамасы</b>	<b>18</b>
<b>4.</b>	<b>Оқу жоспары</b>	<b>32</b>

**I. Білім беру бағдарламасының паспорты**

<b>Тіркеу нөмірі</b>	6B12300007
<b>Білім беру саласының коды және жіктеуіші</b>	6B12 Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс
<b>Даярлау бағытының коды және жіктеуіші</b>	6B096 Құқық қорғау қызметі
<b>Білім беру бағдарламаларының тобы</b>	6B096 Құқық қорғау қызметі
<b>Білім беру бағдарламасының шифрі және атауы</b>	6B12301 Құқық қорғау қызметі
<b>Дайындық бағытына лицензиясының нөмірі</b>	KZ70LAA00005828, №086, 30.09.2015
<b>Бағдарламаның аккредиттелуінің бар болуы</b>	Ия ARQA, 23.04.2024-22.04.2029
<b>БББ түрі</b>	Қолданыстағы білім беру бағдарламасы
<b>БББ мақсаты</b>	Білім беру бағдарламасының мақсаты құқық қорғау қызметі саласындағы міндеттерді шешуге қабілетті жоғары білікті мамандарды даярлау болып табылады.
<b>БББ міндеттері</b>	Нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, нормативтік құқықтық актілерді өзінің қызмет саласына сәйкес әзірлеуге қатысу; қызметтік міндеттер шеңберінде шешімдерді негіздеу және қабылдау, сондай-ақ құқықтық нормаларды іске асыру, құқықтық құжаттарды ресімдеу бойынша іс-шаралар қабылдау; құқықтық көмек көрсету, құқықтық кеңес беру, нормативтік актілердің құқықтық сараптамасын жүзеге асыру; Заңдылықты, құқықтық тәртіпті, жеке тұлғаны, қоғамды және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғау, қоғамдық тәртіпті қорғау
<b>Кәсіптік стандарт негізінде әзірленді (бекітілген күні) (егер болған жағдайда)</b>	Құжаттардың сот сараптамасы 23.01.2024 Есірткі құралдары, психотроптық заттар, олардың аналогтары мен прекурсорлардың сот сараптамасы 17.04.2024
<b>ҰБШ бойынша деңгей</b>	6
<b>СБШ бойынша деңгей</b>	6 (1)
<b>Оқыту нәтижелері</b>	ОН 1 - Жалпыға ортақ құндылықтар, құқықтық және демократиялық мемлекеттің құндылықтары туралы; отандық тарихтың негізгі кезеңдері мен ерекшеліктері туралы; қоғамдағы экономикалық және саяси қатынастардың қазіргі жағдайы, нарықтық қатынастар, менеджменттің негіздері, қазіргі кезеңдегі гуманитарлық, экологиялық мәселелер, философиялық және саяси зерттеулердің дамуы мен маңызы, ақпараттық технологиялар, қисын заңдары мен түсініктерін, қазақ (орыс) және шет тілдерінің жұмыс істеу қағидалары мен негіздері туралы түсінігі болады; қаржы нарығының әртүрлі құралдарына ақша активтерін инвестициялау ерекшеліктерін түсіну; ОН 2 - құқықтың мәнін қоғамдық қатынастардың реттеушісі ретінде түсінеді, құқықтың функцияларын, құқықтық жүйенің құрылымы мен элементтерін біледі, мемлекеттің шығу тегінің заңдылықтарын, қазіргі заманғы мемлекеттің функцияларын жүзеге асырудың нысандары мен әдістерін, оның институттары мен мекемелерінің жұмыс істеу ережелерін біледі; негізгі интеллектуалды бағдарламалық жүйелерді құру үшін ұсынылған ЖИ теорияларын, әдістері мен принциптерін қолдану; инклюзивті мәдениеттің қағидаларын білу; ОН 3 - негізгі құқықтық ұғымдарды, Қазақстанның түрліше тарихи кезеңдердегі мемлекеттік-құқықтық және конституциялық даму жағдайын, Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесі мен мемлекеттік механизмінің қызмет ету ерекшеліктерін, ҚР Конституциялық құрылымын, өз қызметінің нақты шеңберін анықтаушы нормативтік-құқықтық актілердің және теориялық көзқарастардың мазмұнын білу; кәсіби қызметі мен құқығын жүзеге асыру үшін оның маңызын, азаматтар мен заңды тұлғалардың құқығын қорғаудың түрлері мен механизмін, ҚР мемлекеттік орган жүйесіндегі құқық қорғау органдарының алар орны мен рөлін түсіну; ОН 4 - Сот-сараптама қызметі саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерін білу; құқық қорғау органдарын ұйымдастыру және олардың қызметі қағидалары туралы нақты

	<p>түсінікке ие болу және олардың қоғамдық қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету үшін маңыздылығын түсіну; арнайы тактикалық тәсілдерді, цифрлық дәлелдемелерді белгілеу және электрондық іздерді талдау әдістерін қолдана отырып, киберқылмыстарды анықтай, саралай және тергей білу;</p> <p>ON 5 - Игерген білімдерін тәжірибеде шығармашылық жағынан қолдана білу, жаңа білімдерін нақты ұсыныстарға айналдыра білу, біліктіліктерін өз бетінше жетілдіру, білімдерін толықтыру және жаңа икем-дағдыларды игеру, қажетті ақпаратты алу және өңдеу, сыни тұрғыдан талдай білу және қорытынды мен тұжырымдар жасау, мәселелерді шешудің тиімді жолдарын табу және кәсіби қызметіндегі мәселелердің жүзеге асуымен байланысты шешімдерді қабылдау; академиялық адалдықтың мәдениеті мен қағидаттарының мәнін түсінеді;</p> <p>ON 6 - Негізгі құқықтық түсініктер мен категорияларды игеру, ағымдағы жағдайды талдау және оны одан әрі дамытудың келешегін көру, қолда бар деректердің ықтимал салдарын болжау, мемлекеттің құқық қорғау органдарын қоса алғанда, жүйенің құрылымын, құзыреттілігін жетілдіру, түрлі құқық салаларының нормаларын түсіндіру, қылмыстық-процессуалдық, Әкімшілік-процессуалдық, азаматтық-құқықтық және тәртіптік рәсімдерде біледі;</p> <p>ON 7 - Нормативтік-құқықтық актілерді кәсіби қызметінде қолдану, заңнамалық инновацияларды енгізе білу, логикалық тұрғыдан сауатты түсіндіру және өз көзқарасын дәлелдей білу, компьютерлік және басқа да инновациялық технологияларды пайдалану, құжат айналымын сауатты жүргізу, құқықтық сипаттағы әртүрлі құжаттарды рәсімдей білу; ғылыми зерттеулер әдістері мен академиялық сауаттылықты білу және оларды өз саласында қолдана алады;</p> <p>ON 8 - Жеке тұлғалардың, қоғамдық тәртіптің және қоғамдық қауіпсіздіктің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, заңсыз әрекеттердің, соның ішінде физикалық күшті, арнайы құралдарды және атыс қаруын пайдаланудың алдын-алу, қызметтік міндеттерін атқарумен байланысты қиын жағдайларда, төтенше жағдайларда басқа да құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен, басқа да мемлекеттік органдардың өкілдерімен, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, қоғамдық бірлестіктер, еңбек ұжымдарымен, азаматтармен, бұқаралық ақпарат құралдарымен дұрыс басқару шешімдерін қабылдай біледі;</p> <p>ON 9 - Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің еңбегін ғылыми ұйымдастыру бойынша қазіргі заманғы идеяларды іске асыру, құқық қорғау қызметінде қабылданған арнайы техниканы, сондай-ақ есептеу техникасын пайдалану, тәуекел ету және қауіпсіздікті қамтамасыз ету шараларын анықтау, ұйымдардың құқықтық қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу, заңды және жеке тұлғаларға құқықтық көмек көрсету, өзінің эмоционалдық жағдайын басқара білу, сондай-ақ вербальды-логикалық және аналитикалық ойлаумен, толеранттылықпен, жауапкершілікпен және ұйымдастырушылықпен дамытылған жақсы жедел жадыға ие болады;</p> <p>ON 10 - презентация стильдерін ажырата білу, өз тұжырымдарын баяндаудың академиялық және құқықтық стильдерінің арасындағы айырмашылықты түсіну, заңды сипаттағы құжаттарды дұрыс құрастыру, білікті ауызша кеңес беру; өз құзыреті шегінде іс жүргізу әрекеттеріне маман ретінде қатысу; сот сараптамаларын жүргізуді тағайындайтын органдармен өзара іс-қимыл жасау.</p>
<b>Оқыту нысаны</b>	Күндізгі
<b>Оқыту тілі</b>	Қазақ, орыс
<b>Академиялық кредиттер көлемі (ECTS)</b>	241
<b>Оқытудың типтік мерзімі:</b>	4 жыл
<b>Берілетін академиялық дәреже</b>	6В12301 Құқық қорғау қызметі білім бағдарламасы бойынша Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс бакалавры
<b>Кәсіби қызмет ету саласы</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Құқықтық нормаларды іске асыру;</li> <li>- Заңдылық пен құқықтық тәртіпті, жеке адамның қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті сақтау, қылмыстар мен басқа да құқық бұзушылықтардың алдын-алу, жолын кесу, анықтау, ашу және тергеу.</li> </ul>
<b>Кәсіби қызмет нысаны</b>	Құқық қорғау және сот органдары, орта кәсіптік оқу орындары



		құзыреттілікті қалыптастыруға, жеке тұлғаның мәдениетаралық қарым-қатынас қабілеті ретінде мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған.												
4	Қазақ (орыс) тілі	Пәннің мақсаты - деңгейлік дайындыққа сәйкес сөйлеу әрекетінің түрлерін сәтті меңгеру. Пән әртүрлі тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени жағдайларда тілді меңгеру дағдыларын қалыптастыруға және жетілдіруге, кәсіби қарым-қатынас, коммуникативтік мақсатқа және қарым-қатынастың кәсіби саласына сәйкес ауызша және жазбаша сөйлеуді өндіру дағдыларын қалыптастыруға, бұл білім алушылардың өзіндік жұмысын жандандыруға ықпал ететін қазақ (орыс) тілінде өнімді тілдік іс-жүргізудің нысандарын дамытуға бағытталған.	ЖБП, МК	10	+				+					
5	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	Пәннің мақсаты - білім алушыларға кәсіби қызметтің, ғылыми-практикалық жұмыстың әртүрлі салаларында, өз бетінше білім алуында және басқа да мақсаттар үшін заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануға мүмкіндік беретін кәсіби және тұлғалық құзыреттіліктерді меңгерту. Практикалық мақсатпен қатар студенттердің ой-өрісін кеңейтуге, жалпы мәдениеті мен білімін арттыруға ықпал ететін оқу-тәрбиелік мақсаттарды жүзеге асырады.	ЖБП, МК	5	+				+					
6	Экономикалық-құқықтық білім модулі (экономика, қаржылық сауаттылық және кәсіпкерлік негіздері, құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері)	Модульдің мақсаты-білім алушыларда тұрақты даму, қоршаған ортаны қорғау және қызметтің түрлі салаларында тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз ету қағидаттарын түсіну үшін қажетті білім мен құзыреттерді қалыптастыру. Модуль қоғамның ұзақ мерзімді дамуына және қоршаған ортаны қорғауға бағытталған экологиялық мәдениетті, әлеуметтік жауапкершілікті және шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.	ЖБП, ЖК	5	+	+								
7	Әлеуметтік-саяси білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)	Пәннің мақсаты - «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананың жаңғыруы» мемлекеттік бағдарламасында айқындалған қоғамдық сананы жаңғырту міндеттерін шешу мәнінде (контекстінде) білім алушылардың әлеуметтік-гуманитарлық дүниетанымын қалыптастыру. Пән әлеуметтануды, саясаттануды және мәдениеттануды, психологияны оқуды қамтиды, олардың әрқайсысының өзіндік пәні, терминологиясы және зерттеу әдістері бар. Аталған ғылыми пәндер арасындағы өзара іс-қимыл ақпараттық толықтыру қағидаттары; интегративтілік; осы пәндердің зерттеу тәсілдерінің әдіснамалық тұтастығы;	ЖБП, МК	8	+				+					

		нәтижеге бағдарланған оқыту әдіснамасының ортақтығы; қалыптасқан қабілеттер ретінде оқыту нәтижелерінің типологиясын бірыңғай жүйелі ұсыну негізінде жүзеге асырылады.												
8	Дене шынықтыру	Пәннің мақсаты – студенттердің әлеуметтік-жеке құзыреттіліктерін және кәсіби қызметке дайындалу үшін денсаулықты сақтауды, нығайтуды қамтамасыз ететін дене шынықтыру құралдары мен әдістерін мақсатты пайдалану қабілетін қалыптастыру. Пән тиімді кәсіби еңбекке қабілеттілікті және денсаулық сақтау үшін өмірлік маңызды дене қасиеттерін дамыту жолында дене шынықтыру және спортты қолдану бойынша базалық ғылыми-негізделген білім беруге, дене шынықтыру мен спорттың әлеуметтік-мәдени тәжірибесі мен әлеуметтік-мәдени құндылықтарын дамыту бойынша әртүрлі дағдылар мен қабілеттерге ие болуды қамтамасыз етуге бағытталған.	ЖБП, МК	8	+				+					
9	Экологиялық қауіпсіздік және тұрақты даму модулі (экология, өмір қауіпсіздігі және тұрақты даму негіздері)	Модульдің мақсаты-білім алушыларда тұрақты даму, қоршаған ортаны қорғау және қызметтің түрлі салаларында тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз ету қағидаттарын түсіну үшін қажетті білім мен құзыреттерді қалыптастыру. Модуль қоғамның ұзақ мерзімді дамуына және қоршаған ортаны қорғауға бағытталған экологиялық мәдениетті, әлеуметтік жауапкершілікті және шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.	БП, ЖК	5	+									
10	Жасанды интеллект негіздері	Курс білім алушыларды ЖИ негізгі тұжырымдамаларымен, әдістерімен және қосымшаларымен таныстыруға арналған. Курстың мақсаты – студенттерге қазіргі әлемде жасанды интеллекттің мүмкіндіктері мен қолданылуы және олардың әртүрлі қызмет салалары үшін маңызы туралы негізгі білім беру.	БП, ЖК	5	+									
11	Мемлекет және құқық тарихы	Пәннің мақсаты-студенттердің мемлекеттік-құқықтық институттардың қалыптасуы мен дамуының тарихи кезеңдері туралы түсініктерін қалыптастыру, сондай-ақ тарихи-құқықтық құбылыстарды талдау дағдыларын және олардың қазіргі заманғы құқыққа әсерін дамыту. Пән әртүрлі тарихи кезеңдердегі мемлекет пен құқықтың пайда болуының, эволюциясы мен қалыптасуының негізгі заңдылықтарын, сондай-ақ құқықтық мәдениеттің дамуына әсер еткен құқықтық жүйелер мен идеяларды зерттейді.	БП, ЖК	5	+	+	+							
12	Мемлекет және құқық теориясы	Пәннің мақсаты-студенттерде теориялық-құқықтық ойлауды, мемлекет пен құқықтың мәні, функциялары мен	БП, ЖК	4		+	+							

		формалары туралы базалық білімді қалыптастыру. Пән құқықтық және мемлекеттік құбылыстардың жалпы теориялық негіздерін, мемлекет ұғымдары мен белгілерін, құқықтық нормалардың түрлерін, құқық көздерін, құқықтық сананы, заң шығару мен құқықты іске асыруды зерттейді.												
13	Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы	Пәннің мақсаты-студенттердің мемлекеттің конституциялық-құқықтық негіздері, азаматтардың құқықтары мен міндеттері, мемлекеттік билік органдарының жұмыс істеу принциптері туралы білімдерін қалыптастыру. Пән ҚР Конституциясының құқықтық табиғаты мен құрылымын, мемлекеттік органдар жүйесін, президенттік, парламентаризм, сот билігі институтын, сондай-ақ конституциялық бақылау мен адам құқықтары мәселелерін зерттейді.	БП, ЖК	5		+	+		+					+
14	Қазақстан Республикасының еңбек құқығы	Пәннің мақсаты-студенттердің еңбек қатынастарын құқықтық реттеу, қызметкерлер мен жұмыс берушілердің құқықтары мен міндеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сондай-ақ еңбек саласында құқық қолдану дағдыларын дамыту. Пән еңбек құқығының көздерін, еңбек шартын жасасу, өзгерту және бұзу тәртібін, жұмыс уақытын, еңбекке ақы төлеуді, тәртіптік және материалдық жауапкершілікті, сондай-ақ еңбек құқықтарын қорғауды зерттейді.	БП, ЖК	5		+	+		+	+	+			
15	Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы (ерекше бөлім)	Пәннің мақсаты-қылмыстық істерді қозғау, алдын ала тергеу, сот талқылауы және сот шешімдерін орындау тәртібін терең зерттеу. Пән қылмыстық процестің әртүрлі кезеңдеріндегі іс жүргізу әрекеттерінің ерекшеліктерін, қылмыстық істердің жекелеген санаттарын қарау ерекшеліктерін, сондай-ақ іс жүргізу мерзімдері мен шешімдерге шағымдануды зерттейді.	БП, ЖК	5				+		+	+	+	+	
16	Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы (жалпы бөлім)	Пәннің мақсаты-студенттерде қылмыстарды саралау және құқық қолдану практикасы үшін қажетті Қазақстан Республикасының қылмыстық құқық принциптері, ұғымдары мен институттары туралы іргелі білімді қалыптастыру. Пән қылмыстық құқық ұғымы мен міндеттерін, қылмыстық заңның уақыт пен кеңістіктегі әрекетін, қылмыстың құрамын, қылмыс жасау сатысын, қатысушылықты, кінә мен жаза нысандарын, сондай-ақ қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатуды зерттейді.	БП, ЖК	5		+	+			+	+	+		

17	Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы	Пәннің мақсаты-студенттердің әкімшілік құқықтық қатынастар субъектілерінің құқықтық мәртебесі, әкімшілік жауапкершілік туралы білімдерін қалыптастыру, сондай-ақ кәсіби қызметте әкімшілік заңнама нормаларын қолдану дағдыларын дамыту. Пән Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығын, оның қағидаттарын, көздерін, субъектілерін және әкімшілік-құқықтық қатынастарын зерделейді.	БП, ЖК	5		+	+			+	+	+		
18	Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы (ерекше бөлім)	Пәннің мақсаты-студенттердің қылмыстық құқық бұзушылықтардың жекелеген құрамы және оларға қатысты құқық қолдану практикасы туралы білімдерін қалыптастыру. Пән ҚР ҚК-нің ерекше бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар жүйесін, жеке тұлғаға, меншікке, қоғамдық қауіпсіздікке, басқару тәртібіне және т. б. қарсы қылмыстардың саралануын зерделейді.	БП, ЖК	5						+		+	+	+
19	Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы (жалпы бөлім)	Пәннің мақсаты-студенттерде азаматтық құқықтың нормалары мен қағидаттары, азаматтық құқықтық қатынастар субъектілерінің құқықтық мәртебесі туралы базалық білімді қалыптастыру, сондай-ақ практикалық қызметте азаматтық-құқықтық нормаларды талдау және қолдану дағдыларын дамыту. Пән азаматтық құқық көздерін, азаматтық құқықтық қатынастардың субъектілері мен объектілерін, құқықтық фактілерді, сондай-ақ мүліктік және жеке мүліктік емес қатынастарды құқықтық реттеудің қағидаттары мен тетіктерін қоса алғанда, Қазақстан Республикасы азаматтық заңнамасының негізгі ережелерін зерделейді.	БП, ЖК	5		+	+			+	+	+		
20	Қазақстан Республикасының қаржы құқығының негіздері	Пәннің мақсаты-студенттердің Қазақстан Республикасының қаржы жүйесінің құқықтық негіздері, сондай-ақ қаржылық қатынастарды реттеу негіздері туралы білімдерін қалыптастыру. Пән қаржы құқығының негіздерін, мемлекеттік қаржы жүйесін, бюджеттік қатынастарды реттеуді, салық салуды, сондай-ақ экономиканың әртүрлі салаларындағы қаржылық қатынастарды реттейтін құқықтық нормаларды зерттейді.	БП, ЖК	5			+		+		+			
21	Іс өндірісі бойынша практикум	Пәннің мақсаты - студенттердің заң саласында іс жүргізу бойынша практикалық дағдыларды игеруі. Пән заң құжаттарын ресімдеу қағидаларын, оларды сот және әкімшілік рәсімдер шеңберінде сақтау және пайдалану тәртібін, сондай-ақ заң ұйымдарындағы құжат айналымының негіздерін зерделейді.	БП, ЖК	5								+	+	+
22	Құқықтық статистика	Пәннің мақсаты-студенттердің құқықтық құбылыстар мен	БП,	5		+	+	+						

		процестерді талдау үшін статистикалық әдістерді қолдану білімі мен дағдыларын дамыту. Пән құқықтық статистиканы жинау және өңдеу әдістерін, құқықтық деректерді талдауды, сондай-ақ сот, құқық қорғау органдары және басқа да мемлекеттік құрылымдар жұмысының тиімділігін бағалау үшін статистикалық құралдарды пайдалануды зерттейді.	ЖК											
23	Ұлттық қауіпсіздік негіздері	Пәннің мақсаты-студенттердің Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігінің тұжырымдамасы мен құқықтық негіздері туралы білімдерін қалыптастыру. Пән ұлттық қауіпсіздік ұғымы мен санаттарын, мемлекет қауіпсіздігіне әсер ететін қатерлерді, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздік мәселелерін реттейтін құқықтық актілер жүйесін зерттейді.	БП, ЖК	5					+	+	+			
24	Киберқылмыстарды тергеу тактикасы мен әдістемесі	Пәннің мақсаты-студенттердің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып жасалатын қылмыстарды тергеу тактикасы мен әдістемесі бойынша кәсіби білімі мен практикалық дағдыларын қалыптастыру. Пән киберқылмыстардың түсінігі мен түрлерін, киберкеңістіктегі оқиға орнын қарау ерекшеліктерін, цифрлық дәлелдемелерді жинау және тіркеу әдістерін, ақпараттық технологиялар саласындағы мамандармен жауап алу және өзара іс-қимыл тактикасын, сондай-ақ киберқылмыстарды тергеу кезінде сараптама жүргізу тәртібі мен халықаралық ынтымақтастықтың құқықтық негіздерін зерделейді.	БП, ТК	5				+						
25	ҚР экологиялық құқығы	Пәннің мақсаты-студенттердің Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасы, оның қоршаған ортаны қорғаудағы рөлі туралы білімдерін қалыптастыру. Пән экологиялық құқықтың негізгі принциптерін, экологиялық заңнама жүйесін, табиғатты қорғауға бағытталған құқықтық нормаларды, сондай-ақ экологиялық нормаларды бұзғаны үшін жауапкершілікті зерттейді.	БП, ТК	5			+		+		+			
26	ҚР қылмыстық атқару құқығы	Пәннің мақсаты-студенттердің кәсіби қызметінде Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамасының нормаларын түсіну және қолдану үшін қажетті теориялық білім мен практикалық дағдыларды қалыптастыру. Пән жазаларды орындау мен өтеудің құқықтық негіздерін, қылмыстық жазалардың жүйесі мен түрлерін, сотталғандардың құқықтық мәртебесін, қылмыстық-атқару органдарының өкілеттіктерін, сондай-ақ жазаларды орындау процесінде түзеу ықпалының принциптері мен құралдарын зерделейді.	БП ТК	4					+	+	+			

27	Азаматтық сот ісін жүргізу құжаттары	Пәннің мақсаты-студенттердің сот процесінде қолданылатын азаматтық іс жүргізу құжаттарын жасау бойынша практикалық дағдыларын дамыту. Пән азаматтық сот ісін жүргізу шеңберінде талап арыздар, шағымдар, өтініштер, апелляциялар және басқа да іс жүргізу құжаттарын жасау қағидаларын зерделейді.	БП, ТК	4					+	+					+
28	Құқықтық психология	Пәннің мақсаты-заң практикасында қолданылатын психологияны зерттеу, сонымен қатар тергеу мен сот процесінде психоэмоционалды факторларды есепке алу дағдыларын дамыту. Пән криминологияда, сот сараптамасында қолданылатын психологиялық әдістердің негіздерін, сондай-ақ сот процестеріне қатысушылардың, куәгерлердің, айыпталушылар мен жәбірленушілердің мінез-құлқының ерекшеліктерін зерттейді.	БП, ТК	4			+	+		+					
29	Инклюзивті мәдениеттің негіздері	Пәннің мақсаты-студенттерде өмірдің әртүрлі салаларында инклюзивті орта құру үшін теориялық білім мен практикалық дағдыларды қалыптастыру. Пән инклюзия қағидаттарын зерделеуге, мүмкіндігі шектеулі жандар үшін қолжетімді орта құруға, сондай-ақ кәсіби қызметте және жалпы қоғамда инклюзивті мәдениеттің құқықтық, этикалық және әлеуметтік аспектілерін игеруге бағытталған.	БП, ТК	4			+								
30	ҚР азаматтық құқығы (ерекше бөлім)	Пәннің мақсаты-студенттердің азаматтық-құқықтық міндеттемелер мен шарттардың жекелеген түрлері туралы білімдерін қалыптастыру, сондай-ақ азаматтық заңнаманы жеке құқықтық практикада қолдану дағдыларын дамыту. Пән міндетті құқықтық қатынастарды, шарттық және шарттан тыс міндеттемелерді, азаматтық-құқықтық шарттардың түрлерін (сатып алу-сату, жалдау, сақтандыру және т.б.) зерттейді.	БП, ТК	5						+	+	+	+	+	
31	Салыстырмалы құқық	Пәннің мақсаты-студенттерді әртүрлі елдердің құқықтық жүйелерімен таныстыру және оларды салыстырмалы талдау. Пән роман-герман, англо-саксон, мұсылман және басқалары сияқты әлемнің негізгі құқықтық жүйелерін зерттейді, сонымен қатар әртүрлі құқықтық жүйелердің нормалары мен институттарына салыстырмалы талдау жүргізеді.	БП, ТК	5			+	+		+					
32	Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы (жалпы бөлім)	Пәннің мақсаты-студенттердің қылмыстық сот ісін жүргізудің жалпы ережелері, іс жүргізу принциптері мен институттары туралы білімдерін қалыптастыру, сондай-ақ қылмыстық процеске қатысудың практикалық дағдыларын дамыту. Пән қылмыстық процестің кезеңдерін, оның	БП, ТК	5					+		+	+	+	+	

		қатысушыларын, дәлелдемелерді, процестік мәжбүрлеу шараларын, сондай-ақ сотқа дейінгі тергеу органдары мен соттың өкілеттіктерін зерттейді.												
33	Халықаралық құқық	Пәннің мақсаты-студенттердің мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар арасындағы қатынастарды реттейтін халықаралық-құқықтық нормалар туралы білімдерін қалыптастыру, сондай-ақ халықаралық құқық нормаларын қолдану дағдыларын дамыту. Пән халықаралық құқықтың қайнар көздерін, халықаралық шарттарды, мемлекеттердің құқықтары мен міндеттерін, халықаралық ұйымдардың құқықтық негізін, халықаралық құқықтағы адам құқықтарын, сондай-ақ халықаралық дауларды шешуді зерттейді.	БП, ТК	5		+	+							+
34	Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы (жалпы бөлім)	Пәннің мақсаты-студенттерде азаматтық сот ісін жүргізу жүйесі, оның принциптері, кезеңдері мен қатысушылары туралы базалық білімді қалыптастыру. Пән азаматтық істі қозғау тәртібін, соттылықты, азаматтық процестің принциптерін, тараптардың құқықтары мен міндеттерін, дәлелдемелер мен сот қаулыларын реттейтін нормаларды зерттейді.	БП, ТК	5				+		+	+	+	+	
35	Экономикалық және жемқорлық, қылмыстық құқық бұзушылықты зерттеу әдістері	Пәннің мақсаты-студенттерде экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмыстарды тергеу үшін қажетті білім мен дағдыларды қалыптастыру. Пән алаяқтық, салық төлеуден жалтару, ақшаны жылыстату сияқты қаржылық қылмыстарды тергеу әдістерін, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау тәсілдерін зерттейді.	БП, ТК	5				+		+	+	+		
36	ҚР әкімшілік рәсімдік-процессуалдық құқығы	Пәннің мақсаты-студенттердің қоғамдық басқару органдарының қызметін реттейтін принциптер мен рәсімдер туралы білімдерін, сондай-ақ әкімшілік процестерге қатысу дағдыларын қалыптастыру. Пән әкімшілік актілерді қабылдау, шағымдарды қарау, әкімшілік рәсімдерді жүргізу және әкімшілік сот ісін жүргізуді жүзеге асыру тәртібін реттейтін нормаларды зерделейді.	БП, ТК	5				+		+	+	+	+	
37	Халықаралық шарттар құқығы	Пәннің мақсаты-студенттердің халықаралық шарттар, олардың құқықтық табиғаты, сондай-ақ жасасу және орындау процесі туралы білімдерін қалыптастыру. Пән халықаралық шарттардың түрлерін, оларды жасасу, ратификациялау, орындау және тоқтату принциптерін, сондай-ақ халықаралық шарттардың ұлттық құқықтағы рөлін зерттейді.	БП, ТК	5			+	+					+	+

38	Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы (ерекше бөлім)	Пәннің мақсаты-студенттердің азаматтық істердің жекелеген санаттары мен олардың іс жүргізу ерекшеліктері бойынша іс жүргізу туралы білімдерін тереңдету. Пән талап қою өндірісін, жария құқықтық қатынастардан туындайтын істер бойынша іс жүргізуді, бұйрық және оңайлатылған іс жүргізуді, сондай-ақ апелляциялық, кассациялық және қадағалау шағымдарын зерделейді.	БП, ТК	5				+		+	+	+	+	
39	Конфликтология	Пәннің мақсаты-студенттердің жанжалдарды шешу және басқару саласындағы теориялық білімдері мен практикалық дағдыларын дамыту. Пән жанжалдардың түрлерін, себептері мен кезеңдерін, жанжал жағдайындағы мінез-құлық стратегияларын, дауларды шешу әдістері мен технологияларын, соның ішінде медиация мен келіссөздерді зерттейді.	БП, ТК	5		+	+		+					+
40	Жедел-іздігіру қызметінің негіздері	Пәннің мақсаты - студенттерді құқық қорғау органдары жүйесіндегі жедел-іздігіру қызметінің негіздерімен таныстыру. Пән жедел-іздігіру қызметінде қолданылатын әдістер мен құралдарды, қылмыстарды тергеудің құқықтық негіздерін, кезеңдерін, сондай-ақ жедел қызметтердің басқа мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл ерекшеліктерін зерделейді.	БП, ТК	5				+		+	+	+		
41	Қылмыстың жекелеген түрлерін зерттеу әдісі	Пәннің мақсаты-студенттерді әртүрлі қылмыстарды тергеу әдістерін практикалық қолдануға дайындау. Пән кісі өлтіру, ұрлық, алаяқтық, зорлық-зомбылық сияқты қылмыстарды тергеудің әдістемелік тәсілдерін, сондай-ақ қылмыстарды дәлелдеу мен тергеудің заманауи әдістерін зерттейді.	БП, ТК	5				+		+	+	+		
42	Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары	Пәннің мақсаты-Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының құрылымын, функциялары мен қызметін зерделеу. Тәртіп құқық қорғау органдарының ұйымдастырылуы мен өкілеттіктерін, олардың құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету жүйесіндегі өзара іс-қимылын, сондай-ақ полиция, прокуратура мен соттардың заң мен тәртіпті қамтамасыз етудегі рөлін зерттейді.	БП, ТК	4				+		+	+			
43	ҚР салық құқығы	Пәннің мақсаты-студенттердің Қазақстан Республикасында салық салуды реттейтін құқықтық нормалар туралы білімдерін қалыптастыру. Пән салық түрлерін, салық міндеттемелерін, салық есептілігін, салықтық бақылау процедураларын, сондай-ақ салық дауларының құқықтық аспектілерін зерттейді.	БП, ТК	4				+		+	+			
44	Сот сараптамасы	Пәннің мақсаты-студенттердің сот сараптамасының сот төрелігіндегі рөлі туралы білімдерін дамыту, сондай-ақ тергеу және істерді қарау барысында сот сарапшыларын	БП, ТК	5						+	+	+		

		пайдалануға дайындау. Пән сот сараптамаларының түрлерін, оларды жүргізу әдістерін, сондай-ақ сот процесінде сарапшылардың қызметін реттейтін құқықтық нормаларды зерттейді.														
45	Қазақстан Республикасының кеден органдары	Пәннің мақсаты-студенттердің Қазақстан Республикасы кеден органдарының құқықтық мәртебесі мен функциялары туралы білімдерін қалыптастыру. Пән кеден органдарының ұйымдастырылуы мен қызметін, олардың сыртқы сауданың қауіпсіздігін, бақылауын және салық салуын қамтамасыз етудегі рөлін, сондай-ақ кеден қызметін реттейтін құқықтық нормаларды зерделейді.	БП, ТК	5				+	+				+			
46	Криминалистика	Пәннің мақсаты-студенттердің қылмыстарды тергеудің криминалистикалық әдістері мен әдістерін қолдану білімі мен дағдыларын қалыптастыру. Пән криминалистикалық техника мен тактиканың негіздерін, дәлелдемелердің түрлерін, оларды жинау, зерттеу және талдау тәсілдерін, сондай-ақ қылмыстың әртүрлі түрлерін тергеу ерекшеліктерін зерттейді.	БП, ТК	5							+	+	+	+		
47	Заңгердің кәсіби этикасы	Пәннің мақсаты-студенттерде кәсіби этика негіздерін қалыптастыру, заң практикасындағы мінез-құлық нормаларын сақтау және кәсіби жауапкершілік стандарттарын сақтау. Пән адвокаттардың қызметін реттейтін этикалық қағидалар мен нормаларды, олардың құқықтық жүйедегі рөлін, сондай-ақ клиенттермен, әріптестермен және мемлекеттік органдармен қарым-қатынаста моральдық стандарттарды сақтаудың маңыздылығын зерттейді.	БП, ТК	5							+		+	+		
48	Криминология	Пәннің мақсаты-студенттердің әлеуметтік құбылыс ретінде қылмыс туралы, сондай-ақ қылмыстың алдын алу және онымен күресу құралдары туралы білімдерін дамыту. Пән қылмыстың себептері мен жағдайларын, қылмыстың алдын алу әдістерін, қылмыстық жауапкершілік теорияларын, құқық қорғау органдары мен қоғамның қылмыстың алдын алудағы рөлін зерттейді.	БөП ТК	5							+		+	+		
49	ПО әкімшілік қызметі	Пәннің мақсаты- Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының (ПО) әкімшілік қызметін ұйымдастыру мен негіздерін зерделеу. Пән ішкі істер органдарының құрылымы мен функцияларын, олардың қызметінің құқықтық негіздерін, сондай-ақ қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы әкімшілік билікті іске асыру әдістері мен нысандарын зерттейді.	БөП, ТК	5							+	+		+		
50	Қылмыстық құқық	Пәннің мақсаты-қылмыстық құқық бұзушылықтарды	БөП,	5									+	+	+	+

	бұзушылықтарды саралау негіздері	саралау процесін және қылмыстық заңнаманың тиісті нормаларын қолдануды зерделеу. Пән қылмыстарды саралау әдістерін, қылмыстық құқық негіздерін, сондай-ақ қылмыстық сот ісін жүргізу шеңберіндегі іс-әрекеттерді дұрыс саралау принциптері мен тәсілдерін зерттейді.	ТК											
51	Сотқа дейінгі қылмыстық тергеу ісі	Пәннің мақсаты-студенттерде қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі тергеу жүргізу үшін қажетті білім мен практикалық дағдыларды қалыптастыру. Пән сотқа дейінгі тергеудің іс жүргізу кезеңдерін, қылмыстарды тергеу әдістерін, тергеушінің, прокурордың және процестің басқа қатысушыларының дәлелдемелерді жинаудағы рөлін, сондай-ақ осы кезеңде айыпталушылар мен жәбірленушілердің құқықтарын қамтамасыз ету ережелерін зерттейді.	БеП, ТК	5					+	+	+	+	+	
52	Учаскелік инспектордың қызметін ұйымдастыру	Пәннің мақсаты-студенттердің құқық қорғау жүйесіндегі учаскелік полиция инспекторы жұмысының ерекшелігі туралы білімдерін қалыптастыру. Пән учаскелік инспектордың міндеттерін, оның қоғамдық тәртіпті сақтаудағы рөлін, азаматтармен және басқа да билік органдарымен өзара іс-қимылды, сондай-ақ оның қызметінің құқықтық негіздерін зерттейді.	БеП, ТК	5				+		+	+	+		
53	Қылмыстық – процессуалдық құжаттарды құрастыру	Пәннің мақсаты-студенттердің қылмыстық процесті жүргізу үшін қажетті іс жүргізу құжаттарын жасау дағдыларын дамыту. Пән қылмыстық іс жүргізу актілерін, сот қаулыларын, шешімдерін және басқа құжаттарды қоса алғанда, қылмыстық іс жүргізу құжаттарын ресімдеуге қойылатын талаптарды, сондай-ақ олардың қылмыстық сот ісін жүргізу шеңберіндегі құқықтық маңыздылығын зерделейді.	БеП, ТК	5							+	+	+	+
54	Прокурорлық қадағалау	Пәннің мақсаты-студенттердің қылмыстық процестегі прокурорлық қадағалаудың құқықтық негіздері мен тетіктері туралы білімдерін қалыптастыру. Пән қылмыстық сот төрелігі жүйесіндегі прокуратураның рөлі мен функцияларын, қылмыстық процестің әртүрлі кезеңдеріндегі прокурорлық қадағалаудың ерекшеліктерін, сондай-ақ прокурордың басқа құқық қорғау органдарымен және сотпен өзара іс-қимылын зерттейді.	БеП, ТК	5					+		+		+	
55	Адвокатура	Пәннің мақсаты-студенттердің Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесіндегі адвокатураның құқықтық негіздері мен рөлі туралы білімдерін қалыптастыру. Пән адвокатураны ұйымдастыруды, адвокаттардың құқықтары мен міндеттерін, этикалық және кәсіби стандарттарды,	БеП, ТК	5					+		+	+		

		сондай-ақ қылмыстық, азаматтық және әкімшілік процестердегі адвокаттардың қызметін реттейтін құқықтық нормаларды зерттейді.												
56	Қазақстан Республикасының отбасы құқығы	Пәннің мақсаты- Қазақстан Республикасындағы отбасы құқығының негіздерін, неке-отбасы қатынастарын реттеуді зерделеу. Пән отбасылық заңнаманың негізгі принциптерін, ерлі-зайыптылардың, ата-аналар мен балалардың құқықтары мен міндеттерін, ажырасу, алимент міндеттемелері мәселелерін, сондай-ақ қамқоршылықты, бала асырап алуды және отбасылық құқықтық қатынастардың басқа аспектілерін реттеу ерекшеліктерін зерттейді.	БеП, ТК	5			+			+	+	+		
57	Тергеу және анықтау бөлімдерінің қызметін ұйымдастыру	Пәннің мақсаты-құқық қорғау органдарының тергеу және анықтау бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастыру принциптерін зерделеу. Пән тергеу және анықтау бөлімшелерін ұйымдастыруды, олардың құрылымын, міндеттерін, функцияларын, сондай-ақ тергеуді тиімді жүргізу және қылмыстарды анықтау үшін қолданылатын әдістер мен құралдарды зерттейді.	БеП, ТК	5						+	+	+		

#### 4. Модульдер сипаттамасы

Модуль	Құрамдас компонент атауы	Пререквизиттер	Оқыту нәтижелері
Жалпы білім беру пәндері	Қазақстан тарихы	Қажет етілмейді	Қазақстан тарихының негізгі даму кезеңдерін білу мен түсіну бойынша білімін көрсету;
			сыни талдау негізінде тарихи өткеннің құбылыстары мен оқиғаларын адамзат қоғамының дүниежүзілік тарихи дамуының ортақ ұстанымдарымен ұштастыра білу;
			қазіргі Қазақстандағы құбылыстар мен тарихи үдерістері зерттеу барысында аналитикалық және аксиологиялық талдау дағдыларын игеру;
			заманауи қазақстандық даму үлгісінің ішкі ерекшеліктерін объективті және жан-жақты зерделей білу;
			Қазақстан тарихының үдерістері мен тарихи құбылыстарды жүйелеу және сыни баға беру.
	Философия	Әлеуметтік-саяси білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)	арнайы философиялық терминологиямен және философияның категориялық-тұжырымдамалық аппаратымен жұмыс істеуге
			түпнұсқа философиялық мәтіндермен шығармашылықпен және сыни тұрғыдан жұмыс жасау
			зерттелетін философиялық мәселелер бойынша өз ойларын қисынды түрде баяндау
			философиялық білімнің генезисі мен даму ерекшеліктерін талдау
			философияның әртүрлі мәселелері бойынша өзінің дүниетанымдық ұстанымын қалыптастыруға және дәлелді түрде қорғауға
			қазіргі жаһандандудың өзекті мәселелерін бағдарлау
			философияның ережелері мен категорияларын әртүрлі әлеуметтік тенденцияларды, фактілер мен құбылыстарды бағалау және талдау үшін пайдалану
философияның өзекті мәселелері бойынша философиялық диалог пен полемиканы қабылдау, көпшілік алдында сөйлеу және жазбаша дәлелді баяндау және өз көзқарасын қорғау, әртүрлі жеке өмірлік жағдайларда және қоғамдық құбылыстарды талдау кезінде философиялық білімді қолдану дағдыларын меңгеруге міндетті.			
Шетел тілі	Қажет етілмейді	Фонетика және орфографияны білу негізінде әріп және әріп тіркестерін оқудың, дыбыстаудың, транскрипциялаудың және жазудың негізгі ережелерін қолдану;	
		Лексикалық-грамматикалық бірліктерді білу негізінде оқылатын білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін сөзжасамдық модельдерді, терминдерді, лексикалық құрылымдарды қолдану;	
		Қоғамдық-тұрмыстық сипаттағы мәтіндерді, білім беру бағдарламасына қиындығы орташа әдебиеттерді оқу, түсіну;	
		нысанға және талаптарға сәйкес сауалнамалар, түйіндемелер толтыру, жеке және іскерлік сипаттағы хаттар жазу;	
		тұлғааралық, мәдениетаралық және кәсіби қарым-қатынас мәселелерін шешу үшін шетел тілінде ауызша және жазбаша түрде қарым-қатынасқа түсу	
Қазақ (орыс) тілі	Қажет етілмейді	қазақ (орыс) тілінің нормаларын білу негізінде сөздерді олардың лексикалық мағынасы мен стиліне сәйкес қолдану;	

			сөйлеу әрекетінің түрлерін (сөйлеу, тыңдау, оқу және жазу) анықтау; коммуникация мақсаттарын айқындау, сөйлеу жағдайын бағалау, сөйлесушінің коммуникативтік ниеттері мен коммуникация тәсілдерін ескеру коммуникацияның барабар стратегияларын таңдау, өзінің сөйлеу мінез-құлқын мағыналы өзгертуге дайын болу; сөйлеу қызметінің түрлерін және ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетінің негіздерін, қарым-қатынастың өмірлік маңызды салалары мен жағдайларында тілді пайдаланудың негізгі дағдылары мен икемділіктерін меңгеру; тілдік құбылыстар мен фактілерді, әдеби ана тілінің нормаларын, тілдің сөздік қорының байлығын талдау және бағалау;
	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	Қажет етілмейді	ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамытуға ықпал ететін экономикалық және саяси факторларды білу; электрондық кестелермен жұмыс істей білу, деректерді топтастыра білу, графиктер құру; деректер қорымен жұмыс істей білу, ақпаратты қорғау әдістері мен құралдарын қолдана білу; қарым-қатынас үшін түрлі әлеуметтік платформаларды пайдалану ақпаратты іздеу және сақтау үшін ақпараттық ресурстарды пайдалану; кәсіби білімді кеңейту үшін электрондық оқытудың түрлі нысандарын қолдану
	Экономикалық-құқықтық білім модулі (экономика, қаржылық сауаттылық және кәсіпкерлік негіздері / құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері)	Қажет етілмейді	негізгі экономикалық терминдер мен категорияларды; нарықтық экономиканың жұмыс істеу негіздері және мемлекеттің экономикадағы рөлін; жеке және отбасылық қаржылық сауаттылық қағидаларын; кәсіпкерлік қызмет пен бизнес-жоспарлаудың негізгі ұғымдарын; азаматтық, еңбек және әкімшілік құқық негіздерін; құқықтық мәдениет және заңдылық қағидаларын; сыбайлас жемқорлықтың мәні, оның нысандары мен салдары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары. күнделікті өмірде негізгі экономикалық және құқықтық білімді қолдануды; қарапайым жеке немесе отбасылық бюджетті жасауды; қаржылық тәуекелдерді және оларды азайту жолдарын анықтауды; жағдайларды құқықтық тұрғыдан талдаңыз және шешудің заңды жолдарын табуды; типтік өмірлік жағдайларда сыбайлас жемқорлық көріністерін тануды; кәсіпкерлік идеяларды қалыптастыру және оларды қарапайым бизнес-жоспар түрінде рәсімдеуді. нормативтік-құқықтық актілермен және қарапайым қаржылық құжаттармен жұмыста; жеке кірістер мен шығыстардың есебін жүргізуде; қаржылық және құқықтық мәселелерге қатысты сыни тұрғыдан ойлауда; қоғамдағы саналы және заңға бағынатын мінез-құлықта; сыбайлас жемқорлық пен әділетсіздікке қарсы дәлелді ұстаным құруда.
Әлеуметтік-саяси білімдер	Әлеуметтік-саяси білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)	Қажет етілмейді	Модульдің оқу пәндерін қалыптастыратын ғылымдардың барлық салаларында пәндік білімді (ұғымдар, идеялар, теориялар) түсіндіру және ұғындыру; қоғамның әлеуметтік-этикалық құндылықтарын әлеуметтік - саяси модуль пәндерін базалық білу жүйелеріндегі интеграциялық процестердің өнімі ретінде түсіндіру; нақты оқу пәні контекстінде және модуль пәндерінің өзара іс-қимыл рәсімдерінде зерттеудің

			<p>ғылыми әдістері мен тәсілдерін пайдалануды алгоритмдік түрде ұсыну;</p> <p>зерттелетін пәндердің ғылыми салаларының теориялары мен идеяларының мазмұны негізінде әлеуметтік коммуникацияның әртүрлі салаларындағы жағдайлардың табиғатын түсіндіру;</p> <p>қазақ қоғамының, саяси бағдарламалардың, мәдениеттің, тілдің, әлеуметтік және тұлғааралық қатынастардың дамуының әртүрлі кезеңдері туралы ақпаратты дәлелді және негізді түрде ұсыну;</p> <p>қазақстандық қоғамды жаңғыртудағы рөлі тұрғысынан әлеуметтік, саяси институттардың ерекшеліктерін талдау;</p> <p>қазақстандық қоғамды жаңғыртудағы рөлі тұрғысынан әлеуметтік, саяси институттардың ерекшеліктерін талдау;</p> <p>қазақстандық қоғамның құндылықтар жүйесімен, қоғамдық, іскерлік, мәдени, құқықтық және этикалық нормаларымен арақатынасы тұрғысынан коммуникацияның әртүрлі салаларындағы әртүрлі жағдайларды талдау;</p> <p>қоғамды зерттеудің әртүрлі түрлерінің стратегияларын ажырату және нақты проблемаларды талдау үшін әдіснаманы таңдауды негіздеу;</p> <p>қоғамдағы қатынастардың нақты жағдайын әлеуметтік-гуманитарлық үлгідегі қандай да бір ғылым тұрғысынан бағалау, ықтимал тәуекелдерді ескере отырып, оның даму перспективаларын жобалау;</p> <p>қоғамдағы, оның ішінде кәсіптік қоғамдағы жанжалды жағдайларды шешу бағдарламаларын әзірлеу;</p>
